

Но поскольку прочность и незыблемость государства связана с правосудием, семейные отношения тоже нуждаются в своевременной судебной защите.

Конституция Республики Таджикистан признает судебную власть как самостоятельную ветвь государственной власти, которая занимает достойное место в укреплении законности и обеспечении социальной справедливости, построении демократического, правового государства.

На основании Послания Президента Республики Таджикистан в Маджлиси Оли Республики Таджикистан от 20 апреля 2006 года целью укрепления судебной власти и принятия конкретных мер по реализации судебно-правовой реформы Указом Президента Республики Таджикистан от 23 июня 2007 года была утверждена «Программа судебно – правовой реформы в Республике Таджикистан». В соответствии с данным правовым актом и в целях повышения эффективности деятельности судебной системы, организации и проведения судебных заседаний в установленные законом сроки, а также с учетом формирования новых общественных отношений в Верховном суде Республики Таджикистан образована судебная коллегия по семейным делам Верховного суда. Деятельность данной судебной коллегии направлена на рассмотрение семейных дел и своевременное обеспечение защиты семейных прав и обязанностей членов семьи.

С целью продолжения судебно-правовой реформы в стране на основе посланий Президента Республики Таджикистан в Маджлиси Оли от 15 апреля 2009 года и 24 апреля 2010 года Указом Президента Республики Таджикистан от 3 января 2011 года утверждена новая «Программа судебно–правовой реформы в Республике Таджикистан на 2011 – 2013 годы». Принятый документ, который является весьма важным шагом в улучшении деятельности всей судебной системы страны, предусматривает в период 2011-2013 годов своей целью специализацию рассмотрения семейных дел, усовершенствование организационной деятельности судов.

Семья как продукт длительного исторического развития брачно-семейных отношений пересматривает систему ценностей, на первый план выдвигает личную карьеру членов семьи, материальное и социальное благополучие. Семья является ни с чем не сравнимым общественным организмом, удовлетворяющим целый комплекс насущных человеческих потребностей в котором супруги имеют равные права и обязанности.

В связи с чем следует отметить, что для полного и всестороннего рассмотрения семейных дел, таких, как условия и порядок заключения брака, расторжение или прекращение брака, имущественные и неимущественные права членов семьи, вопросы усыновления, опеки и попечительства, установление фактов, имеющих юридическое значение и касающихся интересов несовершеннолетних лиц, а также супругов и членов семьи (признание лица безвестно отсутствующим, умершим, признание дееспособным или недееспособным, принудительная госпитализация или психологическая диагностика, дополнения и изменения в загс), суды должны быть специализированы.

1. Послание Президента Республики Таджикистан Эмомали Рахмона Парламенту страны от 24 апреля 2010 г.
2. Семейный кодекс Республики Таджикистан. АМОПТ, 1998.- № 22.- С. 303.

\*\*\*

Мақалада автор Таджикистан Республикасының отбасы жағдайының құқықтық аспектілерін қарастырған

\*\*\*

In this paper we consider improving family legislation to strengthen as a guarantee family in Tajikistan.

*С.Р. Ермухаметова, М.А. Нурбаева*

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МҰРАГЕРЛІК ҚАТЫНАСТАРЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Мұрагерлік қатынастарын реттейтін заңнамалардың реформаларға сәйкестендірілуі және оларды кешенді қолдану мәселелері аталған заңнамаларға теориялық және тәжірибелік тұрғыдан қарауды қажет етеді.

Азаматтық кодекстен басқа мұрагерлік мәселелері арнайы нормаларда да қарастырылған. Азаматтық заңнама мұрагерліктің жалпы сұрақтарын, түсінігі мен түрлерін қарастырса, арнайы заңнамалар жекелеген институттарда мұрагерліктің қолдану мәселелерін қарастырады. Атап айтсақ авторлық құқық аясында авторлық құқықтың және сабақтас құқықтардың объектілері нақтыланбай, автордың немесе туындыны орындаушының мүліктік (айрықша) құқықтарының заң бойынша немесе өсиетпен бірнеше мұрагерге ауысуы, автордың барлық туындыларына және сабақтас құқықтардың объектілеріне бірлесіп қолдану құқығы пайда болғанын көрсетеді. Бұл

ретте жеткілікті негізі болмаса мұрагерлердің бірде біреуі туындыны пайдалануға тыйым салуға құқылы емес. Туындыны пайдаланғаны үшін төленетін сыйақы мұрагерлерге мұрадағы үлесіне сәйкес бөлінеді.

Мұрагерлікті құқықтық реттеу сұрақтарында сонымен қатар авторлық және сабақтас құқықтар туралы заңға сәйкес, егер орындаушы қуғын-сүргінге ұшырап, қайтыс болғаннан кейін ақталған жағдайда, құқықтарды қорғау мерзімі ол ақталған жылдан кейінгі жылдың бірінші қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Орындаушылықты, қойылымды, фонограмманы, эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымдарының хабарларын пайдалануға рұқсат ету және мерзімдердің қалған бөлігі шегінде сыйақы алу құқығы орындаушының, фонограмма жасаушының, эфирлік немесе кабельдік хабар тарату ұйымының мұрагерлеріне (заңды тұлғаларға қатысты құқық мұрагерлеріне) ауысады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 шілдедегі № 661 «Жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналарының, ерікті кәсіптік зейнетақы жарналарының есебінен қалыптасқан зейнетақы жинақтарынан төленетін зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру» ережесіне сәйкес, алушы қайтыс болған жағдайда жинақтаушы зейнетақы қорына мынадай құжаттар:

А) қайтыс болған алушының отбасы мүшелері немесе жерлейтін адам жерлеуге арналған біржолғы төлемді алу үшін:

- зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш;

- қайтыс болған алушының отбасы мүшесінің немесе жерлеген адамның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және көз жеткізу үшін құжаттың түпнұсқасы немесе оның нотариалды куәландырылған көшірмесі;

- алушының қайтыс болғаны туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

Б) қайтыс болған алушының зейнетақы жинақтарын мұрагерлері алу үшін:

- қосымша зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш;

- мұрагердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және көз жеткізу үшін құжаттың түпнұсқасы немесе оның нотариалды куәландырылған көшірмесі;

- алушының қайтыс болғаны туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;

- мұрагерлік құқығы туралы куәліктің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі не мұра мүлікті бөлу туралы келісімнің түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі, заңды күшіне енген сот шешімі ұсынылады.

Ауылшаруашылық серіктестіктері және олардың қауымдастықтары (одақтары) туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы № 133-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы негізінде жеке тұлғаның мұрагерлері, егер серіктестіктің жарғысында өзгеше көзделмесе, өтініш негізінде серіктестің мүшесі құқығын иемденуге құқылы. Мұндай тұлғалар серіктестіктің кәсіби бағыты бойынша ауыл шаруашылық тауар өндірушілері болып табылса, олар мүше құқықтарын иемдене алады. Бұдан шығатын қорытынды серіктестіктің мұрагерлік мәселелері азаматтық заңнамаларға сәйкес жүзеге асырылады, дегенмен серіктестіктің құрылтай құжатында өзгеше көзделмеген жағдайды ескеруіміз қажет.

Біз егерде жер кодексін қарастырсақ, жер пайдалану құқығының әмбебап құқықтық мирасқорлық тәртібімен ауысуы заң бойынша мұраға ие болу кезінде немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған жағдайда құқық мирасқорында жер пайдалану құқығының туындауын білдіреді. Жер пайдалану құқығы жер учаскесіне ұзақ мерзімді уақытша жер пайдалану құқығы бар азамат қайтыс болған жағдайда, Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес мұраға қалдырылады. Егер уақытша жер пайдалану шартында өзгеше көзделмесе, қысқа мерзімді уақытша жер пайдалану құқығы да осындай тәртіппен мұраға қалдырылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 1040-бабына сәйкес мұраның құрамына мұра қалдырушыға тиесілі мүлік, сондай-ақ оның қайтыс болуына байланысты қолданылуы тоқтамайтын құқықтары мен міндеттері кіреді.

Мұра қалдырушының жеке басына тығыз байланысты мына құқықтар мен міндеттер:

1) егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше белгіленбесе, заңды тұлғалар болып табылатын ұйымдарға мүше болу құқығы;

2) өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу құқығы;

3) алименттік міндеттемелерден туындайтын құқықтар мен міндеттер;

4) зейнетақы төлемдеріне, жәрдемақылар мен Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының және Қазақстан Республикасының әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы заңдарының негізінде басқа да төлемдер алу құқығы;

5) мүліктік құқықтармен байланысы жоқ жеке мүліктік емес құқықтар мұраның құрамына кірмейді, яғни азаматтық заңнама мұраға қалдырушының жеке басымен тығыз байланысты

құқықтар мен міндеттердің тізімін береді. Бұл тізімде мұраға қалдырушының төленбеген жалақысы мен міндетті зейнетақы қорлары кірмейді. Яғни, азаматтық заңнама жалақы бойынша қарыздар мен зейнетақы қорларындағы қаражаттарын мұраға қалдыруға мүмкіндік береді.

Мұндай жағдайда өсиет болмаса заң бойынша мұрагерлік ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. Мұрагерліктің заң бойынша жүзеге асырылуы кезектілік негізінде екенін атап өтеміз.

Ал коммерциялық емес заңды тұлғалар туралы заңға сәйкес, бір жеке адамның немесе жеке адамдардың - бір отбасы мүшелерінің өзінің жеке қаражаттары есебінен құрған қоры жеке қор деп танылады. Жеке қор, сондай-ақ жеке адамның нотариалды куәландырылған өсиеті бойынша да құрылуы мүмкін.

Жеке қордың мүлкі жеке тұлғадан (құрылтайшыдан) немесе жеке тұлғалардан - бір отбасы мүшелерінен (құрылтайшылардан) бір жолғы және (немесе) тұрақты түсетін түсімдер есебінен, өсиет бойынша түскен мүліктен, және жеке қор қызметінің мақсаттарына сай келетін басқа да көздерден құралады.

Шетелдердегі мүлікке қатысты 1999 жылғы 27 қыркүйектегі № 217 Қазақстан Республикасының Консулдық Жарғысына сәйкес, Консул Қазақстан Республикасының азаматы қайтыс болғаннан кейін оның артында қалған мүлікті қорғауға шаралар қолданады.

Егер қалған мүлік толық немесе ішінара бүлінген заттардан тұратын болса, сондай-ақ оны сақтау тым қымбатқа түсетін болса, онда консул залал шектірмей бұл мүлікті сатып, түскен ақшаны тиесілілігі бойынша жолдауға хақылы.

Консул мұраға қалған мүлікті Қазақстан Республикасында тұратын мұрагерге тапсыру үшін қабылдап алуға хақылы.

Әрине мұрагерлік қатынастарды реттейтін заңнамаларымыз барлық жағдайда тәжірибеде кездесетін сұрақтар бойынша құқықтық реттеудің мәселелеріне толық жауап бере алмайды. Сондықтан әлі де көптеген сұрақтар құқықтық реттеуді қажет етеді.

Мысалы жеке кәсіпкер қайтыс болды. Оның қызмет көрсететін кәсіпорыны, қозғалатын және қозғалмайтын мүлкі, жұмысшылармен жасалған еңбек шарттары, салық міндеттемелері қалды. Азаматтық кодексі нормаларына сәйкес, мұрагерлік - қайтыс болған азамат (мұра қалдырушы) мүлкінің басқа адамға (адамдарға) - мұрагерге (мұрагерлерге) ауысуы.

Сонымен қатар, қайтыс болған азаматтың мұрасы басқа адамдарға әмбебап құқық мирасқорлығы талаптарымен, егер оның мәнінен өзгеше туындамаса, бірыңғай тұтас нәрсе ретінде және бір-ақ мезгілде ауысады.

Және жоғарыда атап өткеніміздей мұраның құрамына мұра қалдырушыға тиесілі мүлік, сондай-ақ оның қайтыс болуына байланысты қолданылуы тоқтамайтын құқықтары мен міндеттері кіреді.

Бұл ережеге сәйкес, салық міндеттемелерін мұрагерлері алған мұраларының шеңберінде орындаулары тиіс.

Салық төлеушінің тіркеу деректерін өзгерту мәселесін қарастырсақ, салық органы дара кәсіпкердің, жекеше нотариустың, адвокаттың тіркеу деректерін өзгертуді дара кәсіпкердің, жекеше нотариустың, адвокаттың тіркеу есебі туралы салықтық өтініші негізінде жүргізеді.

Ал Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, «салық өтініштерін беруге» мұрагерлік құқығы қарастырылмаған.

Сонымен қатар салық заңнамаларымен жеке кәсіпкерлікті бір тұлғадан екінші тұлғаға қайта рәсімдеу мәселелері да қарастырылмаған.

Қазақстан Республикасының «Жеке кәсіпкерлік туралы» заңнамаларында жеке кәсіпкер өзіндік кәсіпкер нысанында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса, қайтыс болған немесе өлді деп жарияланған жағдайда оның қызметі тоқтатылатындығын ескеруіміз қажет.

Қазақстан Республикасы Конституциясының меншік туралы ережелері, адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазынасы болып табылатын Қазақстанның демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнығуының саяси-құқықтық бастауларын құрайды.

Конституцияның нормаларында «меншік міндет жүктейді, оны пайдалану сонымен қатар қоғам игілігіне де қызмет етуге тиіс. Меншік субъектілері мен объектілері, меншік иелерінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері, оларды қорғау кепілдіктері заңмен белгіленеді» деп көзделген. Бұл, меншіктің құқықтық тәртібі, меншік иесінің өз құқықтарын жүзеге асыру көлемі мен шектері заңмен реттеледі дегенді білдіреді. Мұрагерлік құқығы адамның болашағының кепілі ретінде көрінеді. Қоғамның кез-келген мүшесі өз өмірінде жинаған барлық материалдық және рухани құндылықтарының өмірден өткеннен кейін ұрпақтарына қалуына қалаған сезімде өмір сүретіндігі белгілі, әрі сол үшін қызмет етеді.

Зейнетақы қоры, жеке кәсіпкерлік, жылжитын, жылжымайтын мүліктер және т.б. мүліктік құқықтар игілігі молайған мына нарық заманында мұрагерлік құқығына тиісті дәрежеде көңіл бөлінгені қажет-ақ. Себебі, заң базасының тұрақты әрі мықты болуы Қазақстан азаматтарының өз ертеңіне деген сенімін арттырып, болашаққа деген үмітін жайландыра түспек.

Мұрагерлік мәселелеріне қатысты заңнамаларды қолдану тәжірибесін жетілдіру және азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру аталған институттың жетік меңгерілуіне негіз болады.

Мұрагерлік мәселелеріне қатысты енші институтын да жетілдіруге қатысты қазіргі кезде көптегер механизмдер қажет. Мұрагерлік азаматтардың меншігінің пайда болу негізі ретінде қарастырылатындықтан оларды рәсімдеу, құқықтардың пайда болуы және қорғалуы бүгінгі күні азаматтық құқықтың еншісіндегі мәселе. Сондықтан біздің ойымызша мұрагерлік институты кешенді институт және құқықтық реттеу аясы үнемі толықтыруды қажет етеді.

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30 тамыз 1995.өзг. тол.
2. Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі. Жалпы және ерекше бөлім. өзг.тол.
3. Ауылшаруашылық серіктестіктері және олардың қауымдастықтары (одақтары) туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы № 133-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы.

\*\*\*

The scientific article is executed on a vital topic of civil law which considers questions of legal regulation of inheritance. The author considers questions of renewal of individual business from one physical person on another in relations legal succession in business.

\*\*\*

Научная статья выполнена на актуальную тему гражданского права, которая рассматривает вопросы правового регулирования наследования. Автор рассматривает вопросы реоформления индивидуального предпринимательства с одного физического лица на другое в отношениях правопреемства в предпринимательстве.

*Г.Г. Нурахметова, М.Г. Конурбаева*

## **ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО В КАЗАХСТАНЕ И ЕГО ДАЛЬНЕЙШЕЕ РАЗВИТИЕ**

Одним из основных приоритетов экономической политики является развитие малого предпринимательства. Малое и среднее предпринимательство должно использовать свою гибкость, мобильность, рыночную объективность для ускоренного поиска своего места в инновационной экономике. Государство, в свою очередь, создает благоприятный бизнес климат и условия для реализации инициатив предпринимательской среды и нацеливает свою помощь на предприятия малого и среднего предпринимательства, которые имеют наибольший потенциал с точки зрения своей конкурентоспособности и повышения научно-технологического потенциала страны.

После обретения независимости малое предпринимательство в Республике Казахстан развивалось достаточно динамично. Только за 2000-2010 годы количество активных субъектов малого предпринимательства увеличилось в 6 раз и составило на 1 сентября 2011 года более 675 тысяч единиц, численность занятых увеличилась в 2,8 раз и составила 2487,4 тыс. человек [1].

Первым основным законодательным актом, определившим правовые, экономические и социальные основы для осуществления свободной предпринимательской деятельности, стал Закон Казахской ССР «О свободе хозяйственной деятельности и развитии предпринимательства в Казахской ССР», принятый 11 декабря 1990 года. Согласно Закона предпринимательство в Казахской ССР было определено как инициативная, в рамках действующего законодательства, хозяйственная или иная деятельность за счет собственных, заемных и других имущества и средств с целью получения для всех участников этой деятельности взаимовыгодных результатов и дохода.

Принятый в июле 1992 года Закон Республики Казахстан «О защите и поддержке частного предпринимательства» определил основные формы и способы защиты частного предпринимательства и его поддержки, закрепил политику отказа от прямого вмешательства государства в частную предпринимательскую деятельность, максимальную свободу частных предпринимателей, охрану коммерческой тайны и ответственность государственных органов и должностных лиц за нарушение прав частных предпринимателей. Частное предпринимательство было определено как инициативная деятельность граждан и негосударственных юридических лиц, направленная на получение дохода, основанная на собственности самих граждан (индивидуальное предпринимательство), или негосударственных юридических лиц (частное предпринимательство).